Автор: Искендир Гульмира Алимовна
Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Ақпарат және оны өңдеу
Тақырып: Біздің айналымыздағы ақпарат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.1.1- әртүрлі ақпаратты атап шығу және көрсету
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: ақпарат түрлерін атайды, ажырата алады; ақпарат беруші мен қабылдаушы айырмашылығын түсінеді. Көптеген оқушылар: ақпарат түрлеріне мысалдар келтіре алады, ақпарат беруші мен қабылдаушы арасындағы болып жатқан процестерді түсіндіре алады; Кейбір оқушылар: ақпаратты өмірде қалай тиімді түрлендіруге болатыны туралы ұсыныстарын жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	ақпарат, маңызды ақпарат, шынайы ақпарат,пайдалы ақпарат, ақпарат қабылдаушы, ақпарат беруші
Күтілетін нәтиже:	ақпарат түрлеріне мысалдар келтіре алады, ақпарат беруші мен қабылдаушы арасындағы болып жатқан процестерді түсіндіре алады;
Бағалау критерийлері:	- ақпарат түрлерін, ақпарат беруші мен қабылдаушы рөлдерін айта алады; - ақпараттың түрлерін қабылдау тәсілі, ұсыну формасы мен мағынасын түсіндіріп бере алады. - ақпаратты өмірде қалай тиімді түрлендіруге болатыны туралы өз пікірін айтады.
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық, экономикалық өсу, ұлтжандылық құндылықтары
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта, презентация,бейнежазбалар, тестілеу(bilimland.kz, itest.kz,twig.kz,imektep.kz)
Пәнаралық байланыс:	әдебиет, география, математика
Бастапқы білім:	интернеттегі қауіпздік, операциялық жүйелер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (16 мин.)	Ұйымдастыру кезеңі. 1. Бейнежазба арқылы оқушылардың сабаққа зейінін шоғырландыру. Абай Құнанбаев туралы бейнежазбадан үзінді көрсету. Сұрақтар қойылады: - Қалай ойлайсыңдар, бұл бейнежазба не үшін көрсетілді? (Абайдың-175 жылына орай) - Сіз үшін қандай ақпарат жаңа болды? - Ақпарат деген сөзді қалай түснесіздер? т.с.с Топқа бөлу: Абай Құнанбаевтың өлең шумақтары арқылы екі топқа бөлінеді. Үй тапсырмасын тексеру: bilimland.kz сайтынан тест орындайды, өтілген тақырып бойынша. ҚБ: bilimland.kz сайтында әрбір оқушыға берілген жауапқа байланысты бағалау парақтарына ұпайлары жазылады (топ мүшелері) Twig.kz сайтынан бейнежазба көрсетілімі талқыланады (қандай ақпарат алдыңдар, қандай құрылғылар арқылы ақпаратты алдыңдар,қандай әсер тигізді және т.с.с деген сұрақтар қойылады).Осыдан сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.	https://imektep.kz/kz/abay Қима қағаздар https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/5-synyp/lesson/operacziyalyq-zhujeni-basqaru-tasilderi-men-negizgi-obektileri https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/internetten-aqparatty-izdeu-tasilderi https://twig-bilim.kz/kz/film/galtur-the-perfect-storm

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин.)	Оқушыларға интерактивті тақтадан bilimland.kz сайтынан бейнематериалдар көрсетіледі. Оқушылар жеке компьютерлерге отырып bilimland.kz сайтынан тест, жаттығуларды орындайды. Дескриптор: - компьютермен жұмыс жасай алады; - тестілеуді толық өтеді; - жауаптарды дұрыс береді. «Бағалау парақтарына сайтта алған ұпайларын жазады «Дұрыс-бұрыс» әдісі: - Ақпаратты ұсынатын нысан- ақпаратты қабылдаушы; - Ақпаратты алушы нысан-ақпарат беруші; - Ақпарат арналары: биологиялық, техникалық; - Биологиялық арналарына жатады: телефон, теледидар, компьютер, интернет т.б. - Техникалық арналарға жатады: көз, мұрын, тіл, тері, құлақ. - Ақпарат түрлері: нрафикалық, мәтіндік, сандық	https://bilimland.uz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/aqparat-zhane-aqparattyq-zhuje https://bilimland.uz/kk/courses/informatika-kk/5-synyp/lesson/aqparat-turleri Бағалау парақтары
Сабақтың соңы (2 мин.)	Үй тапсырмасы: 5-сынып 63 бет, кесте толтыру	
Рефлексия (2 мин.)	Кері байланыс Түсінгендері бойынша стикерлерді жабыстырады.	